



17.04.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 20.04 – 24.04. 2026 жыл (4-апта)

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. Апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 20.04	Сейсенбi 21.04	Сәрсенбi 22.04	Бейсенбi 23.04	Жұма 24.04
Ата-аналармен әңгімелесу	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Апта күндері»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қазақ тілі педагогі тәрбиеленушілерге қазақ тілі кабинетінде өзін қалай ұстау керектігін еске салады: кабинетте жүтіруге, секіруге, шулауға болмайды; басқа балалардың саусақтары қысылып қалмас үшін орындықтарда тербелуге болмайды; басқа балалар шалынып қалмас үшін аяқты алға созуға болмайды.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Көңіл ашар» күйі https://lmusic.kz/mp3/ajbek-bekbosyn-konil-ashar/23318				
	«Өнегелі 15 минут» «Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл				

	жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сарандық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.				
Сөздік минимум	Апта күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Қасық, шанышқы, салат. Ботқаны қасықпен жеймін. Салатты шанышқымен жеймін.		Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір, ішкіім. Үлкен шалбар, кішкентай шалбар, қызыл көйлек, сары көйлек, жаңа жемпір, ескі жемпір		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Кел, ойнайық!» Міндеттері: қазақ тіліне тән ү. і дыбыстарын айтуға үйрету; апта атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету</p> <p>Балалармен амандасу: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! – Көңіл-күйлерің қалай? Шеңберге тұрғызу, психологиялық дайындық: – Бүгін біз бірге жаңа сөздер үйренеміз.</p> <p>Педагог апта күндерін көрсетеді және айтады: – Бұл апта күндері: Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Балалар қайталайды (хормен,</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Киімдер» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; киім атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Біз бүгін киімдердің қазақша атауларын үйренеміз. Бейнежазба көру «Киімдер» Топпен жұмыс «Тыңда және қайтала» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау не? Мынау – шалбар. Мынау не? Мынау – көйлек. Мынау не? Мынау – жейде. Мынау не? Мынау – жемпір. Мынау не? Мынау – күртеше. Мынау не? Мынау – тон. Дидактикалық ойын</p>		

	<p>жеке-жеке).</p> <p>Дыбыстық жұмыс (ү, і) Педагог үлгі көрсетеді: Дүйсенбі (ү дыбысына назар аударту) Сейсенбі, сәрсенбі (і дыбысы) Балаларға айтқызу: – Ү-ү-ү (ерінді алға шығарып айту) – І-і-і (жіңішке айту) Жаттығу: – Мен айтамын, сендер қайталайсыңдар: Дүйсенбі, сәрсенбі, сенбі</p> <p>Сөздік жұмыс және түсіну Сұрақ-жауап: – Бүгін қандай күн? – Ертең қандай күн? Үлгі жауап: – Бүгін дүйсенбі – Ертең сейсенбі Балаларды толық сөйлеммен жауап беруге үйрету.</p> <p>Ойын «Доп лақтыру» Педагог допты лақтырады: – Қандай күн? Бала жауап береді: – Жұма Келесі бала жалғастырады.</p> <p>Диалог құру Үлгі: – Бүгін қандай күн? – Бүгін сәрсенбі</p>		<p>«Не артық?» Балалар диалогке қатысып, сұраққа жауап беруге дағдыланады Дидактикалық ойын «Не жоқ?» Балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуге және ол сөздерді қолдануға үйренеді. Қимылды әрекет: Киінуге үйрену «Не екенін айтпаймыз. Көрсетеміз» ойыны - Балалар, енді біраз қозғалайық. - Ойынымыз «Не екенін айтпаймыз, көрсетеміз» деп аталады. - Мен кез келген суретті көрсетемін, ал сендер оны атап, сол киімді, аяқкиім немесе баскиімді қалай киетінін көрсетесіңдер. - Не екенін айтпаймыз. Көрсетеміз. (шалбарды киюді көрсету, белбеуді тағу) - Балалар, біз нені кидік? (Шалбарды кидік.) Жарайсыңдар! - Не екенін айтпаймыз. Көрсетеміз. (етікті киюді көрсету, сыдырмасын (замок) жабу) - Балалар, біз нені кидік? (Етікті кидік.) Жарайсыңдар! - Не екенін айтпаймыз. Көрсетеміз. (баскиімді киюді көрсету, байлау) - Балалар, біз нені кидік? (Баскиімді кидік.) Жарайсыңдар!</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>Балалар жұппен қайталайды. Маңызды: Диалог қысқа және нақты болуы керек.</p> <p>Қорытынды Қайталау: – Аптада неше күн бар? (7) – Қандай күндерді білдік? Балаларды мадақтау: – Жарайсыңдар!</p>		<p>- Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз. - Балалар, біз нені кидік? (Күртешені кидік.) Жарайсыңдар! - Міне, балалар, біз далаға шығуға дайынбыз. Жарайсыңдар! Қорытынды: Киімдердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>		
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін. <u>Мектепалды топ</u> Апта күндерін жаттайық Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Дидактикалық ойын «Не жоқ?» Балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуге және ол сөздерді қолдануға үйренеді.</p>		

«Ұлттық ойын –
ұлт қазынасы»
балалармен ұлттық
ойындар ойнау

«Құмар» ойыны

Сипаттамасы: Бұл асықты төрт түрлі жағына түсіру арқылы ойналатын ойын.

Құралдар: Әр ойыншыда 4 асық болуы керек.

Ойын ережесі:

Асықтарды жерге лақтырады.

Егер асықтардың барлығы бірдей түссе (мысалы, бәрі алшы түссе), онда ойыншы жеңеді.

Егер асықтар әртүрлі түссе, онда ұпай есептеледі.